



**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму банкінің арасындағы Алматыда
Ислам Даму банкінің Өкілдігін құру туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 11 наурыздағы N 315

"1974 жылы 2 тамызда Джиддада қол қойылған Ислам даму банкінің Құрылтайшы шартын бекіту туралы" 1996 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1996 жылы 19 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам даму банкінің арасындағы Алматыда Ислам даму банкінің Өкілдігін құру туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ
МЕН
ИСЛАМ ДАМУ БАНКІНІҢ
АРАСЫНДАҒЫ АЛМАТЫДА ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ
ӨКІЛДІГІН ҚҰРУ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН
ИСЛАМ ДАМУ БАНКІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЛМАТЫДА
ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ ӨКІЛДІГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Бір жағынан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ (әрі қарай "Үкімет"),
және екінші жағынан Ислам Даму Банкі (әрі қарай ИДБ).
ИДБ-ның тілегі бойынша Алматыда ИДБ-ның өкілдігі ашылсын, Өзінің

аумағында осындай өкілдіктің болуына Үкіметтің ынталылығы, дайындығы назарға алынсын.

ИДБ-ның Құрылтайшылық Келісімі ҮІІ тарауының баптарының жағдайын атап айтқанда 50-61 баптарындағы иммунитет пен құқықтық статус банктің ықпалы жүретін елдердің аумағындағы ИДБ-ның өктемдігі мен жеңілдіктері есепке алынып,

және де құрылтайшылық келісіміндегі ИДБ-ның халықаралық міндетін айқындайтын 37 баптың жағдайы да есепке алынып,
ТӨМЕНДЕГІДЕЙ КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ:

Нақтылау
1-бап

Осы келісімде, астарланып басқа пікір білдірмесе,

а) "Алматыдағы өкілдік" деп Алматы қаласындағы ИДБ-ның өкілдігі, бұған қоса қосымша келісімдер немесе Үкімет пен Алматыдағы өкілдік арасындағы нота алмасу арқылы Алматыдағы өкілдіктің құрамдас бөлігі болып табылатын кез-келген жер бөлшегі, ғимараттар, құрылыстар мен қосалқы жайлар танылады.

б) "Қазақстан Республикасының Заңы" деген түсінікке Үкіметтің шешімімен Үкіметтің өзі шығаратын Зандық актілер, Президентінің Жарлықтары және қаулылары,
е р е ж е л е р і ж а т а д ы .

в) "Алматыдағы өкілдіктің ресми тұлғалары" деген түсінікке заңды тұлғалар, эксперттер, кеңесшілер және АДБ жалдап алып Алматыдағы өкілдікке жіберген жергілікті жерде жалданған басқа қызметшілерден бөлек басқа тұлғалар жатады; "
Президент" мырза деген түсінік:

i - ИДБ-ның Президентін; немесе
ii - ИДБ-ның Президенті белгілі мөлшерде өкілеттік берген

"тұрақты өкілдік" берген "тұрақты өкілдің" тұлғасын айқындайды.

д. "тұрақты өкіл" түсінігі Президенттің өзінің немесе шешімімен тағайындалған тұлғаны айқындайды.

е. "Алматы өкілдігінің мұражайы" түсінігі Алматы өкілдігінің еншісіндегі немесе оның иелігіндегі корреспонденцияларды, құжаттарды, көшірмелерді, қолжазбаларды, фото, киноматериалдарды және фонограммаларды айқындайды.

Алматыдағы өкілдікті қорғау мен

оның қызметін бақылау

2-бап

1. Осы Келісімде көрсетілгендей Алматыдағы өкілдік тәуелсіз Президент билігінің бақылауында болады.

2. Қажетті қызметті қамтамасыз ету және оған жағдай туғызуды қамтамасыз ету мақсатымен Алматыдағы өкілдіктің қызмет шегіне сәйкес Президент қызмет тәртібін және оның өкілдерін тағайындайды.

3 - б а п

1. Қазақстан Республикасының ресми немесе өкілетті адамдары олардың әкімшілік, заңдық, әскери немесе құқық қорғау басқа да органдарға жататындығына қарамай Алматыдағы өкілдікке оның тұрақты өкімнің шарттарынсыз баруға ерікті емес. Бірақ дереу әрекетті қажет ететін өрт басқа да апат жағдайында мұндай келісім алынды деп е с е п т е л і н е д і .

2. Осы Келісімге және ИДБ-ның құрылтайшылық келісімінің шарттарына зиян әкелмейтін тұлғалардың Алматыдағы өкілдіктен баспана іздеуіне;

а. Қазақстан республикасының заңдары бойынша тұтқындалудан қашқандарға;

б. Үкіметтің талабы бойынша басқа Мемлекеттерге қуылуға жататындарға, немесе

в. соттарға жауапкершіліктен жалтарушыларға Президент жол бермейді.

4-бап

1. Алматыдағы өкілдіктің тұрағына немесе оған жақын аумақтың тыныштығын сақтау үшін сырттан келген топтар мен жеке тұлғалардың оған баса көктей енуіне Үкімет қажетті көмек көрсетеді.

5-бап

Алматыдағы өкілдік резидентінің келісімінсіз жасалған осы құжаттардың орындалуынан айыратын кез-келген әрекетке Үкімет сапа мен

негізге жататын деңгейде тосқауыл қояды.

Кіру және тұру мүмкіндігі

6-бап

1. ИДБ-ның шақыруы бойынша өзінің ресми міндеттерін орындайтын кез-келген нақты тұлғаның Алматы өкілдігіне кіру және шығу мүмкіндігіне Үкімет ешқандай кедергі келтірмейді.

2. Алматы өкілдігіне Алматыдағы өкілдіктің міндеттерін орындауға байланысты болуға, Алматыдағы өкілдікке кіруге немесе оның аумағына тұруға жоғарыда көрсетілгендерді іске асыру үшін:

а. Президентке;

б. ИДБ-нің атқарушы директорларының және олардың міндетін атқарушы тұлғаларға;

в. ИДБ-і вице-президентіне;

г. Алматы өкілдігінде жұмыс істейтіндерге, ресми тұлғаларға және Алматы өкілдігінің тұрақты өкілдеріне;

д. Алматыда өкілдіктің тұрақты өкілдері мен ресми тұлғалардан басқа Алматы өкілдігінің тапсырмаларын орындайтын басқа тұлғаларға;

е. Президенттің шақыруымен кіруге рұқсат берілген немесе оның

аумағында қызмет бабын орындауға келген тұлғаларға;

ж. Алматы өкілдігінің ресми тұлғаларының қамқорлығындағы отбасы мүшелеріне;

Үкімет кедергісіз рұқсат береді.

3. Қажет болған жағдайда 2 бапта көрсетілген тізімдегілерге ақысыз және жедел виза беріледі.

4. Ресми қызмет міндеттерін орындау үшін 2 бапта тізілген тұлғаларға Қазақстан Республикасында тұруды шектеуге, тыйым салуға шаралар қолданбайды.

5. 2 бапта аталғандардан басқаларға осы баптың тәртібі жүрмейді,

а. осы бапта қарастырылған тәртіптерге негіздемелер болмаған жағдайда; немесе

б. денсаулық және карантин қызметінің талаптарын орындағанда.

6. Алматы өкілдігі осы баптың 2 тармағында көрсетілген тұлғалардың есімдерін Үкіметке баян етеді.

Байланыс, транспорт және коммуналдық қызметтер көрсету

7-бап

Алматы өкілдігіне ресми қызмет көрсету тәртібі, басқа халықаралық ұйымдарға Үкімет көрсететін кезек пен почта, телеграф, телефон, факсимилия және тағы басқаларымен салыстырғандағы тәртіптен өзгеше емес.

8-бап

Алматы өкілдігі жөнелтетін және тапсырыс алатын ресми жазба хатты және басқа хабарларды цензуралауға ұстауға немесе оларға жол кесудің және тексеріп қараудың әлдеқандай өзге тәсілдерін қолдануға болмайды.

9-бап

Алматы өкілдігі шрифтарды пайдалануға және дипломатиялық курьерлер мен пакеттерге берілетін құқықтарға, иммунитет пен артықшылықтары бар курьерлер немесе жабық пакеттер арқылы іс-қағаздарын жөнелтуге және тапсырыс алуға құқықты

10-бап

Алматы өкілдігі қызмет мақсатында, қажетті кезінде немесе Үкіметтің мүмкіндігі бар болса, Үкімет көмегі, елшілік миссиялары мен халықаралық ұйымдарға Үкімет жасайтын көлік мүмкіндіктері берілген жағдайлардан кем емес қолайлы құралдар мен жағдайларды пайдалануға құқықты.

1 1 - б а п

1. Президенттің талабы бойынша, Алматы өкілдігін басқалармен тең жағдайда

электрмен және сумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қолданады және Алматы өкілдігіне почта, телеграф, телефон байланысы, көлік, аумақты тазарту және қоқысты шығару жөніндегі коммуналдық қызмет, өрттен қорғану, тағы сол сияқты қызметтер көрсетілуін қамтамасыз етеді.

2. Аталған қызметтерді көрсету үзілген немесе үзілуі мүмкін жағдайларда, Үкімет өз қарамағындағы негізгі құрылымдардың осындай талаптарына тең негіздер бойынша Алматы өкілдігінің тиісті қажеттерін қарауға міндетті.

1 2 - б а п

Осы Келісімде айтылған ешбір нәрсе Алматы өкілдігінің, Үкімет пен ИДБ арасындағы уағдаластық бойынша, Алматы өкілдігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қолдануына кедергі боларлықтай түсіндірілуі мүмкін емес. Алматы өкілдігінің мүліктері, қаржылары және активтері.

1 3 - б а п

Алматы Өкілдігінің мүлкі мен қаржысы, олар қайда және кімнің өкілеттігінде болмасын, кез-келген айып іздеу формасына қарсы қорғанышпен, Президент бұл құқықтан анық формада бас тартқан жағдайдан басқа жағдайларда қолданады.

1 4 - б а п

1. Алматы архивтерінің Өкілеттігі және жалпы, оған қатысты

немесе оның қарауындағы барлық құжаттар, қай жерде болмасын, дербес құқықты болып табылады.

2. Алматы Өкілдігінің мүлкі мен жеке меншігі мыналардан босатылады:

а. Қоғамдық коммуналдық қызметтердің ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын салықтардан басқа барлық тікелей салықтардан;

б. Барлық кеден баждарынан;

в. Импорт/экспорт бойынша тиымдар мен шектеулер:

(і) өздерінің ресмилігін жүзеге асыру үшін Алматы Өкілдігінің әкелінетін немесе шығарылатын тауарларға; және ИДБ-ның әкелінетін немесе шығарылатын басылымдары.

1. Алматы Өкілдігі бөгетсіз:

а. Өкілеттігіндегі банктерден валюта ала алады, оны жұмсай алады және пайдалана алады, сондай-ақ белгіленген тәртіппен архивтерді және бағалы қағаздарды сатып ала алады, ұстай алады және сата алады;

б. Банктік шотесептерде кез-келген валютамен операциялар жүргізе алады;

в. Өздерінің ақшалай қаржыларын, бағалы қағаздарын және валютасын Қазақстан Республикасына және одан кез-келген басқа елдерге немесе Қазақстан аумағындағы кез келген жерге аударып алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктеріндегі өздерінің шотесептері арқылы кез-келген валютаны кез-келген валютаға аударып алады.

Қорғаныш, артықшылықтар және жеңілдіктер
(Тұрақты өкілдік)

16-бап

1. Тұрақты өкілдік Қазақстан Республикасындағы Алматы Өкілдігін басқарады және Үкіметпен ИДБ арасындағы бас сарапшы болып табылады.

2. Өзінің ресми қызметтік міндетін атқару барысы кезінде және оның Алматы Өкілдігінен және Алматы Өкілдігіне сапары кезінде тұрақты өкілдік Қазақстан Республикасының аймағында тұрақты дипломатиялық өкілдіктердің және басқа халықаралық ұйымдардың осыған ұқсас дәрежедегі ресми адамдарына берілетін халықаралық құқыққа сәйкес Үкімет берген қорғанышпен және артықшылықпен пайдаланылады.

3. ИДБ-нің тұрақты өкілдігі немесе басқа да төлемдер түрінде алатын қаржылар салық төлеудің қай түріне болса да жатпайды.

(Алматы Өкілдігінің ресми адамы)

17 - б а п

1. Алматы Өкілдігінің адамы Қазақстан Республикасының аумағында мынадай қорғаныштармен, артықшылықтармен пайдаланылады:

а. Айтқан немесе жазған сөзі үшін, не болмаса өзінің қызмет бабындағы міндетін орындау кезінде жасаған әрекеті үшін сот қуғынына қарсы қорғанысты;

б. Жеке басының тұтқындалуына немесе ұсталуына қарсы қорғанысты;
в. Олардың ресми немесе жеке жүктерін тұтқынға алуға қорғанысты;
г. ИДБ-нің директорларының, олардың орынбасарларының, аға қызметкерлерімен басқа да кәсіби қызметкерлерінің еңбекақы немесе басқа да төлем түрінде ИДБ-мен алған қаржыларына салық салуды босатуды;

д. Иммиграция шектеудің қандай да түріне және жеке өзіне және оның асырауындағы отбасы мүшелеріне қатысты шетел азаматы ретінде тіркеуге қарсы қ о р ғ а н ы с т ы ;

е. Дипломатиялық миссия және оларға қарсы теңестірілген халықаралық ұйымдар мүшелеріне Үкімет берген артықшылықтармен валюталық қызмет көрсетуде;

ж. Резидент еместердің, ереже шеңберінде, шетелге қаржы аударуды реттеуін;

(i) Қазақстан Республикасы аумағында валюталық және теңгелік шотесептермен п а й д а л а н у е р к і н д і г і м е н ;

(ii) бағалы қағаздарға және басқа да меншіктерге, миссиялардың және оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың қызметкерлері мен жетекшілері берілетін ие б о л у е р к і н д і г і м е н ;

(iii) Алматы Өкілдігінде қызмет еткен уақыттарында және ол аяқталғанда, Алматы Өкілдігінің ресми тұлғалары бұл қаржыларға ие болу заңдылығын дәлелдейтін жеткілікті дәйектеме берген жағдайда, Қазақстан Республикасынан кез-келген шетел валютасымен кедергісіз және шексіз мөлшерде қаржы әкету құқымен;

з. Қазақстан Республикасында қызметіне кіріскен уақыттан бастап 12 ай мерзім ішінде жеке транспортты, мебельді және басқа да мүліктерді шектеусіз және тиымсыз, баж салығынсыз және алымсыз әкелу құқығымен;

и. ұлттық еңбек және әскери міндеттен босатылуымен;

к. дипломатиялық миссиялардың және оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың мүшелерінің Алматы Өкілдігі қызметкерлерінің өзінің және отбасы мүшелерінің репатриациялық құқықтары бірдей және халықаралық күйзеліс немесе төтенше жағдайлар кезінде оларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік о р г а н д а р ы н ы ң қ о р ғ а у ы м е н ;

2. Бұл баптың 1 параграфындағы (д)-(к) тармақтардың ережелері Қазақстан Республикасының қызметкер-азаматтарына таратылмайды.

1 8 - б а п

Үкімет Алматы Өкілдігінің барлық ресми адамдарын және олардың зайыбын Алматы Өкілдігінің ресми қызметкері немесе осы ресми өкілдің зайыбы болып табылатынын, олар осы Келісімде көрсетілген қорғанышпен, артықшылықпен және жеңілдікпен қамтылғанын көрсетушіге жеке куәлік береді.

19-бап

1. Осы Келісімнің 16 және 17 баптарында қарастырылып отырған

қорғаныштар, артықшылықтар және жеңілдіктер ИДБ-не беріледі, жеке адамдардың мүдделері үшін мұндай құқықтар, артықшылықтар және жеңілдіктер берілмейді.

2. Президент кейбір адамдарға берілген 16 және 17 баптарда аталған қорғаныш құқықтарынан, оның пікірінше, мұндай құқық әділдікке жетуде кедергі болатын болса бас тарта алады және ИДБ-нің мүддесіне нұқсан келтірмей қайта шақыртып ала алады.

Үкімет жасайтын, материалдық-техникалық
қамтамасыз ету

20-бап

Үкімет пайдалану шығындарынан басқа (электр, су, жылу жүйесі телекоммуникация және басқа коммуналдық қызметтер) ақыны ұстамастан, Президенттің талабы бойынша, Алматы Өкілдігіне офис үшін жеке орналасқан қолайлы құрылыс жайын береді және Алматы Өкілдігі қызметкерлері үшін ыңғайлы тұрғын үйлер алуы үшін барлық қолайлы жағдайды жасайды.

Жалпы ережелер

21-бап

1. Алматы Өкілдігінің тұрақты өкілі және басқа ресми қызметкерлері заңдылықтың мүлтіксіз сақталуына көмектесу үшін Үкіметпен ұдайы ынтымақтастықта болады және елдің ішкі өмірінің ережелері мен тәртібін сақтауға және осы Келісім бойынша өздеріне берілетін қол сұғылмайтын құқықтар, артықшылықтар мен жеңілдіктер ешқандай асыра сілтеушілікке жол бермеуге міндеттенеді.

2. Егер Үкіметтің пікірі бойынша асыра сілтеуге орын берілсе, Президент оны түзеу

жөнінде кез-келген қажетті және тиісті әрекеттер бойынша дереу Үкіметпен кеңесетін
б о л а д ы .

Түсіндірме, қолданым және түзетулер

2 2 - б а п

1. ИДБ-нің Құрылтайшылық Шарты мен осы Келісім, мүмкіндігінше, бірін-бірі толықтырып отырады деп қаралады, ал бірақ шешілмейтін қарама-қайшылық жағдайында, осы Келісімнің ережелері басым болып саналады.

2. Бұл Келісімнің ережелері Алматы Өкілдігінің қызметтері мен міндеттерін біршама жақсы мүмкін тәсілдерімен жөнелту үшін жағдай жасау болып табылатын оның жарыққа шығуы мақсатында айтылуы керек.

2 3 - б а п

1. Үкімет пен ИДБ-нің екі жақты хат алмасу келісімі бойынша бұл Келісімге өзгеріс енгізілуі мүмкін. Бұл Келісімнің мақсатын жүзеге асыруға ықпал ету мақсатымен Үкімет пен ИДБ қосымша келісімдер жасай алады.

2. Бұл келісімдегі кез-келген өзгертулер мен толықтырулар бойынша консультациялар жақтардың бірінің талап етуі бойынша тоқтаусыз тәртіпте жүргізіледі.

Д а у л а р д ы ш е ш у

2 4 - б а п

1. Үкімет пен ИДБ арасында баян етуге немесе бұл Келісімді

қолдануға немесе келісім жолымен немесе жақтар келісімін басқа тәсілмен шешуге болмайтын дау туа қалған жағдайда, дау үш адамнан құралған, бірін - Үкімет тағайындаған, екіншісін - ИБД және үшіншісін - екі жақ сайлаған, төрелік соттың, не болмаса олар келісімге келе алмаған жағдайда - Ислам Конференциясы Ұйымының Бас хатшысының қарауына береді.

2. Төрелік сот өзінің шешімін айқындайды, ал оның шешімі екі жақ үшін де соңғы шешім және міндетті болып табылады.

Соңғы ереже

25-бап

Бұл Келісім Алматы Өкілдігінің Қазақстан Республикасының аймағында әрекет етіп тұрған барлық уақытта күшінде болады.

26-бап

Бұл Келісімге қол қойылған күннен бастап уақытша әрекет ету сипаты беріледі. Ол күшіне, ИБД Үкіметтен мемлекетшілік әрекеттерді орындағандығы туралы оның күшіне ену үшін қажеттілігін білдіретін хабарлама алғаннан кейін енеді.

МЫНАНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, ҮКІМЕТ және ИДБ, әрқайсысы өзінің міндетті жағдайда өкілдік өкілеттілігі арқылы әрекет ете отырып, бұл Келісімнің ағылшын және қазақ тілдерінде бірдей күшке ие төрт данасына 1996 жылдың ____ күніне _____ айына сәйкес келетін, осы айдың ____ күні _____ 1417Н қол қойды.

Қазақстан Республикасы Ислам Даму Банкі
Үкіметі үшін үшін